



2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 18 ақпандағы № 65 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 наурызда N 3173 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 мамырдағы N 228 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 29.05.2015 N 228 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

В. Дудов

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит
Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 18 ақпандағы № 65
қаулысымен бекітілген

2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру

тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны			Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландыру жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (т.)		
	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар
Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы	175	190	215	25381	11133	3482

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК